

# Құрылымдық статистика

Жариялау күні: 23.12.2025

Келесі жариялау күні: 20.03.2026

## 1. Негізгі тұстары


## 2. Пайдалы сілтемелер

### 1. Негізгі тұстары

2025 жылғы III тоқсанында кәсіпкерлік қызметпен айналысатын ірі, орта және шағын кәсіпорындардың өндірілген өнімінің, орындалған жұмыстарының және көрсетілген қызметтерінің көлемі 37467,5 млрд. теңгені құрады.

#### Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері

млрд. теңге



### Ірі және орта кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі

2025 жылғы III тоқсанында 100 адамнан астам жұмыс істейтін ірі және орта кәсіпорындардың саны 4172 бірлікті құрады және оның ішінде 2634 орта кәсіпорын болып табылады. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша шаруашылық субъектілерінің сальдолық қаржылық нәтижесі 5508,5 млрд. теңге сомасында пайда ретінде анықталды, өндірістің рентабельділік (залал) деңгейі 18,7%.

Өндірістік шығыстар құрамында материалдық шығындар – 62,4%, еңбекақы төлеу және амортизацияға шығыстардың үлесі сәйкесінше 12,2% және 14,4% құрады.


2025 жылғы III тоқсанында міндеттемелер бойынша берешек 89186,3 млрд. теңгені құрады, одан мерзімі өткен берешек 0,5% деңгейінде қалыптасты.

2025 жылғы III тоқсанында дебиторлық берешек 22766,6 млрд. теңгені құрады, одан мерзімі өткен берешек – 3,0%.

Кәсіпорындардағы активтердің құны 173926,4 млрд. теңгені құрады. Негізгі үлесті ұзақ мерзімді активтер алды 63,1%.


### Ірі және орта кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері

млрд. теңге



### Ірі және орта кәсіпорындардың рентабельділігі

пайызбен



### Ірі және орта кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері

млрд. теңге

	2023 жылғы III тоқсан	2024 жылғы III тоқсан	2025 жылғы III тоқсан
Кәсіпорындардың жалпы саны, бірлік	4 017	4 054	4 172
одан орта, бірлік	2 480	2 525	2 634
Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемі	14 979,0	16 698,2	20 651,0
одан орта	3 107,6	3 545,4	4 510,3
Өнімдерді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен кіріс*	20 828,9	23 651,3	28 246,7
одан орта	4 975,4	6 058,3	6 976,7
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	14 547,7	16 999,1	19 800,2
одан орта	3 503,3	4 297,6	4 940,3
Жалпы пайда	6 281,2	6 652,2	8 446,5

\*Өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен табысқа кәсіпорынның тауарлар мен қызметтерді сатудан, оның ішінде негізгі және қосалқы қызмет түрлері бойынша қайта сату үшін сатып алынған тауарлардан алған табысының сомасы кіреді. Өнімдер мен қызметтерді сатудан түскен кіріске қосылған құн салығы, акциздер, сондай-ақ қайтарылған тауарлардың құны, сатудан түсетін жеңілдіктер және сатып алушыға ұсынылған баға бойынша жеңілдіктер кірмейді.

### Шағын кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі

2025 жылғы III тоқсанындағы шағын кәсіпорындарды зерттеу нәтижелері бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің сальдолық қаржылық нәтижесі 5583,9 млрд.теңге сомасындағы пайда ретінде анықталды.


Шағын кәсіпорындардың шығыстар көлемі 14032,3 млрд. теңгені құрады, одан материалдық шығындар – 31,7%, еңбекақы төлеуге және амортизацияға шығыстар үлесі, сәйкесінше 12,2% және 5,4%.

2025 жылғы III тоқсандағы жағдай бойынша республикада шағын кәсіпорын қызметкерлерінің тізімдік саны – 1663,3 мың адам, бір қызметкердің орташа айлық жалақысы – 371294 теңгені құрады.

2025 жылғы III тоқсанда өнімдерді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен кіріс 29912,3 млрд. теңге.

### Шағын кәсіпорындардың негізгі көрсеткіштері

млрд. теңге



### Шағын кәсіпорындар қызметінің негізгі көрсеткіштері

млрд. теңге

	2023 жылғы III тоқсан	2024 жылғы III тоқсан	2025 жылғы III тоқсан
Шағын кәсіпорынның саны, бірлік	336 715	339 084	344 831
Шағын кәсіпорын қызметкерлерінің саны орташа тоқсан ішінде, адам	1 625 089	1 624 888	1 663 319
Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы, теңге	274 034	329 398	371 294
Өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің көлемі, млрд теңге	12 299,6	14 324,8	16 816,5
Өнімдерді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен кіріс	22 720,8	24 679,1	29 912,3
Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны	15 269,9	15 733,9	18 936,8
Жалпы пайда	7 450,9	8 945,2	10 975,5

## 2. Пайдалы сілтемелер

Құрылымдық статистика. «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі.

[«Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп» статистикалық нысаны \(индексі – 1-ПФ, мерзімі – тоқсан\).](#)

[«Шағын кәсіпорынның қызметі туралы есеп» статистикалық нысаны \(индексі – 2-МП, мерзімі – тоқсан\).](#)

<b>Шығарымға жауапты:</b> Ұлттық шоттар департаменті	<b>Департамент директоры:</b> А.Нақыпбеков Тел. +7 7172 749717	<b>Орындаушылар:</b> Г.Омарова А.Ахмадиева Тел. +7 7172 749521, 749814 E-mail: <a href="mailto:gul.omarova@aspire.gov.kz">gul.omarova@aspire.gov.kz</a> E-mail: <a href="mailto:a.akhmadieva@aspire.gov.kz">a.akhmadieva@aspire.gov.kz</a>	<b>Мекенжай:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
---	--	--	---